




ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ

Іскерлік белсенділік маусым айында айтарлықтай жақсарды

*2024 жылдың маусым айындағы іскерлік белсенділік туралы
ҚРҰБ Ақша-кредит саясаты департаментінің директоры Рүстем Оразалиннің
түсіндірмесі*

2024 жылғы маусымда іскерлік белсенділіктің жақсару үрдісі жалғасып, **Іскерлік белсенділік индексі (ИБИ) 51,4** құрады. Көрсеткіш бесінші ай қатарынан оң аймақта тұр. Көрсеткіштің жақсаруы қызмет көрсету секторы мен өндірісте байқалды. Аталған секторларда ИБИ өсу аймағында қалды. Құрылыста индекс өсу аймағында қалып **51,8** (мамырда – 52,2), қызмет көрсету секторы мен өндірісте **51,7** құрады (мамырда сәйкесінше 51,6 және 50,7). Аталған секторларда жеткізу мерзімінен басқа барлық компоненттер жақсарды.

Тау-кен өнеркәсібінде **49,5**-ке дейін (мамырдағы 49,1-ден) өскеніне қарамастан, тауарлы-материалдық қорлар көлемінің төмендеуіне байланысты көрсеткіш теріс аймақта қалып отыр.



Бизнес-климат индексі 2024 жылғы маусымда аздап төмендеді, бірақ оң болып қалды. Бизнес жүргізудің қазіргі және келешек талаптары оң бағаланады, ал келешектегі бизнес-талаптарға қатысты оптимизм төмендеді. Осылайша бизнес-цикл «сағатының» индикаторы **өсу** аймағында қалып отыр.

Толығырақ: <https://nationalbank.kz/kz/page/indeks-delovoy-aktivnosti-po-kazahstanu-ida>